



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Применение искусственных нейронных сетей дает различные перспективы в вопросах финансового планирования и прогнозирования, а также позволяет осуществлять разностороннюю аналитическую обработку и анализ информации: выявлять зависимости среди входных и выходных параметров, оценивать уровень полноты и непротиворечивости данных, анализировать цикличность и т.д. Примером программного обеспечения, применяемого ИНС, является BrainMakerPro.

Таким образом, управление и совершенствование финансово-хозяйственной деятельностью на предприятии является многофункциональной системой, включающей большой спектр работ и функций, поддерживающих процесс управления финансовыми ресурсами и фондами денежных средств для достижения целей и решения тактических задач предприятия. При этом в современном финансовом менеджменте важную роль играют информационные системы, в том числе программные продукты, которые ускоряют и упрощают выполнение управленческих функций в области финансов. При автоматизации управления финансами, руководитель получает современные мощные инструменты для проведения планирования, прогнозирования и анализа финансового состояния предприятия с целью принятия своевременных и целесообразных управленческих решений.

#### **Список использованных источников:**

1. Шуляк П. Н. Финансы: Учебник для бакалавров / П. Н. Шуляк, Н. П. Белотелова, Ж. С. Белотелова; под ред. проф. П. Н. Шуляка. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К<sup>о</sup>», 2015. — 384 с.
2. Фридман А. М. Финансы организации (предприятия): Учебник / А. М. Фридман. — 2-е изд. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К<sup>о</sup>», 2016. — 488 с.
3. Сацук Т.П. Информационные технологии в финансовом менеджменте компаний // Вестник Красноярского государственного аграрного университета. 2014. № 1. с. 30-32.
4. Заяц Т.И., Гаврильев Э.И. Роль информационных технологий в управлении финансами // Современная экономика: актуальные вопросы, достижения, инновации. Сборник статей победителей VII Международной научно-практической конференции. 2017. Издательство: "Наука и Просвещение" (Пенза). – С. 350-352.
5. Иванов С. Н., Кузьменко С. А., Харьковский А. В. Информационные технологии в экономике // ГИАБ. 2007. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionnye-tehnologii-v-ekonomike> (дата обращения: 23.03.2018).
6. Audit Expert -программа анализа финансового состояния предприятия EXPERT-SYSTEMS. <https://www.expert-systems.com/financial/ae>.

ОӘЖ 338.124.4

### **КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҒЫН БАҒАЛАУ**

**Токтагазина Балжан Еркиновна**

[toktagazinab@gmail.com](mailto:toktagazinab@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қаржы мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Нарықтық қатынастар жағдайында компанияның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл компанияның тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Компанияның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі сұрақтарды қарастырмас бұрын, “қаржылық жағдай” дегеніміз немесе “қаржылық жай-күй” дегеніміз не, соны анықтап алған

жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет “Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және мін-деттемелер, яғни пассивтер) сипатталады” деп жазған.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржы ресурстарын жасау, тарату және пайдаланумен сипатталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорынның қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылықпен сипатталады. Кәсіпорынның уақтылы төлеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсылығын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы – есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорын табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;
- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау.

Кәсіпорында тұрақты қалыптасқан табыстық шығынның артуының өзіне тән айнасы қаржылық тұрақтылық болып табылады, яғни табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өндіру және өнімді сату процесінің үздіксіз болуына жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндіріс-шаруашылық қызметі процесінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В.М. Радинова келесідей түрлерге жіктейді:

- пайда болу орнына байланысты – ішкі және сыртқы;
- нәтижесінің маңыздылығына байланысты – негізгі және негізгі емес;
- құрылысы бойынша – қарапайым және күрделі;
- әрекет ету уақыты бойынша – тұрақты және уақытша.

"Инженерлік-техникалық орталығы" акционерлік қоғамының қаржылық жай – күйін талдасақ: "Инженерлік-техникалық орталығы" АҚ - Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволық қарасты ұйымы болып табылады. Компания қазіргі заманғы жоғары нәтижелі технологияларды енгізе отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы мен мемлекеттік органдарды сапалы ақпараттық-техникалық

және жоғары кәсіптік қызмет көрсетумен қамтиды. Компанияның қаржылық тұрақтылығын бағалау коэффициенті 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Қаржылық тұрақтылықты бағалау

Коэффициенттер атауы	Формула	2014ж	2015ж	2016ж
Меншікті капиталды жинақтау коэффициенті	Меншікті капитал/ Баланс	67	69	59
Қарыз капиталды жинақтау коэффициенті	Тартылған капитал / Баланс	32	30	41
Тартылған және меншікті капиталдың қатынасын көрсететін коэффициент	Тартылған капитал/ Меншікті капитал	47	43	41

Компанияның есепті жылы меншікті капиталының үлесі өткен жылдармен салыстырғанда, 10%-ға азайды. Егер 2014 жылы ол 67%, 2015 жылы 69% болса 2016ж. ол 59% құрап отыр. Компанияның меншікті капиталы өткен жылмен салыстырғанда 22% өсті. Осы уақытта тартылған капитал өткен жылмен салыстырғанда 95% көбейді. Тартылған капиталдың ішінде ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрамы күрт өсті (қысқа мерзімді міндеттемелер 30% , ұзақ мерзімді міндеттемелер 69%). Негізінен тартылған капиталдың ішінде ұзақ мерзімді міндеттемелер үлкен үлес алып отыр. Бұған қарамастан компанияның қаржылық тұрақтылығы жақсы деңгейде тұр. Қандайда жағдай болмасын компания өз міндеттемелерін жаба алады.

*Кәсіпорынның банкрот болу ықтималдылығын анықтау.* Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімімен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Қазақстан Республикасының “Оңалту және банкроттық туралы” 07.03.14. Заңына сәйкес, қарызды төлеуге шамасы жоқ ұғымы ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын және еңбекақы төлеу талабын қанағаттандыра алмау жатады. Басқаша айтқанда, шаруашылық субъектісінің қарызды төлей алмауы, ағымдағы операциялық қызметті қаржыландыра алмауы, қарыздардың, міндеттердің өсуіне байланысты жедел міндеттемелерді өтеу қабілетсіздігі немесе борышкердің балансының қанағаттанғысыз құрылымына байланысты ұғымдар кіреді.

Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептері:

1. Шаруашылық жүргізу жағдайын жасаудың объективті себептері:

- экономиканы реформалаудың нормативті және заң шығаратын базаларының, қаржылық, ақша, несие, салық жүйелерінің жетілмегендігі;
- инфляцияның аса жоғары деңгейі;
- фирманың құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;
- бәсекелестің жоғары деңгейі және сонын нәтижесінде пайда болған сәйкес келмейтін өндіріс шығындары төмендемей, өнім бағасының төмендеуі.

2. Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

- банкроттықты уақытында болжап және келешекте одан сақтана алмау;
- жарнама, өтімділік жүйесінің болмауы, сұранысты дұрыс төлемегендіктен сату көлемінің төмендеуі;
- өндіріс көлемінің төмендеуі;
- ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімдердің бағасына кейбір түрлердің бағаларының жақындауы;
- аяқталмаған жоғары шығындар;
- өнімнің төменгі рентабельділігі;
- өндіріс циклінің өте көлемді болуы;
- үлкен қарыздар мен өзара төлей алмаулар;

- ескі басқарма басшыларының нарықты құруға бейімделе алмауы, сұранысы жоғары өнімдерді шығаруда іскерлік көрсетпеуі, инвестициялық, бағалық, қаржылық саясаттың тиімдісін таңдай алмауы.

Британдық зертеушілер Р.Таффлер мен Г.Тишоудың таңдалмалы Альтман әдісін қолданып, төртфакторлы қаржылық тұрақсыздықты болжамдайтын моделін «Инженерлік-техникалық орталығы» АҚ-на қолданып банкрот болу ықтималдылығын есептейік (2-кесте):

Кесте 2 – Альтман әдісі бойынша банкрот болу ықтималдылығының көрсеткіштері

Көрсеткіш	2015	2016
X <sub>1</sub>	2,337	2,808
X <sub>2</sub>	0,488	0,423
X <sub>3</sub>	0,195	0,152
X <sub>4</sub>	0,452	0,423
Z мәні	2,30766	1,68902
Банкрот болу ықтималдылығы	өте төмен	өте төмен

Бұл модель бойынша «Инженерлік-техникалық орталығы» АҚ банкроттық тәуекелі қауіп төндірмейді. 2015-2016 жылдардағы банкрот болу ықтималдылығы өте төмен, өйткені Z мәндері 0,3-тен жоғары.

Қорыта келгенде, бұл кәсіпорынның тұрақты даму жолында екенін көрсетеді. Компаниядағы қаржылық мониторингті жетілдіру мақсатында банкроттық пен қаржылық жағдайды басқару кәсіпорын жағдайын сауықтырудың негізгі бөлігі және нақты жағдай мен нақты кәсіпорын үшін ең тиімді құралдар, стратегия мен тактиканың таңдауы болып табылады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. «Методика финансового анализа для организаций». М.: Инфра – М, 2003
2. Дүйсенбаев Қ.Ш. “Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау.” Оқу құралы.— Алматы: Экономика. 2001.
3. «Инженерлік-техникалық орталығы» АҚ-ның ресми сайтынан
4. Қазақстан Республикасының Заңы «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V.

УДК: 336.647.2

#### ФОРМИРОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ ПОЛИТИКИ ПРИВЛЕЧЕНИЯ И УПРАВЛЕНИЯ ЗАЕМНЫМИ СРЕДСТВАМИ НА ПРЕДПРИЯТИИ.

Туякова Алия Сакеновна

[aliya4ka1997@mail.ru](mailto:aliya4ka1997@mail.ru)

Студентка 4 курса специальности «Финансы» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель: Есымханова Зейнегуль Клышбековна,

Эффективная финансовая деятельность предприятия невозможна без постоянного привлечения заемных средств. Использование заемного капитала позволяет существенно расширить объем хозяйственной деятельности предприятия, обеспечить более эффективное использование собственного капитала, ускорить формирование различных целевых финансовых фондов, а в конечном счете - повысить рыночную стоимость предприятия.

В современных условиях развития рыночной экономики компаниям требуется большое количество средств для представления такого товара, который мог бы